

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТИ

№ 37 (9355) | 1954 жылғы 17 февраль | Сәрсенбі | Шығуына 34 жыл және саны 20 тыйын.

Партия мен халықтың бірлігі

Совет Одағының Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің барлық сайлаушыларға, жұмысшылар мен жұмысшы әйелдерге, шаруалар мен шаруа әйелдерге, совет интеллигенциясына, Совет Армиясы мен Соғыс-Теніз Флотының жауынгерлеріне арнаған Үндеуін бүкіл совет халқымен бірге, облыс еңбекшілері де зор қанағаттанғандықпен және асқан саяси өрлеу үстінде қарсы алды. Сонымен қатар, облыс еңбекшілері Кәсіпшілер Одағының Бүкілодақтық Орталық Советінің Кәсіподақтардың барлық мүшелеріне, барлық жұмысшылар мен жұмысшы әйелдерге, инженерлер мен техниктерге, ауыл шаруашылығының қызметкерлеріне, ғылым мен мәдениет қызметкерлеріне, совет мекемелерінің қызметкерлеріне және Бүкілодақтық Лениндік Коммунистік Жастар Одағы Орталық Комитетінің барлық жас сайлаушыларға арнаған Үндеулерін де саяси және өндірістік өрлеу үстінде қарсы алып отыр.

Коммунистік партияның Орталық Комитеті мен Кәсіпшілер Одағының Бүкілодақтық Орталық Советі және Бүкілодақтық Лениндік Коммунистік Жастар Одағының Орталық Комитеті ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы күні — осы жылғы 14 мартта барлық сайлаушыларды коммунистер мен партияда жоқтар блогі ұсынған кандидаттарды жақтап дауыс беруге шақырады. Облыс сайлаушылары кәзір бұл шақыруға іс жүзінде жауап беру үшін барлық бағынан қызу әзірлік жүргізуде. Олардың мақсаты — коммунистер мен партияда жоқтардың блогінің кандидаттарына дауыс бере отырып, социалистік өнеркәсібіміздің оған әрі гүлденуі және ауыл шаруашылығымыздың күшті қарқынмен өркендеуі үшін, коммунизм құрылысында жаңа табыстарға жете беру үшін дауыс беру.

Облыс еңбекшілері СОКП Орталық Комитетінің, Кәсіпшілер Одағының Бүкілодақтық Орталық Советінің және Бүкілодақтық Лениндік Коммунистік Жастар Одағының барлық сайлаушыларға арнаған Үндеулерін қарсы ала отырып, өздерінің жыйналыстарында үндеуді оқып, танысқаннан кейін сайлау күні біркөйдей сайлау ұранына барып, өздері ұсынған кандидаттарға — В. В. Губин, Н. Д. Оңдасынов, Ж. Қ. Қизатов жолдастарға дауыс беретіндіктерін білдіруде. Сонымен қатар, олар бүкілхалықтық мереке — сай-

танысқаннан кейін трактор бригадасының бригадирі Милащенко жолдас бірінші болып сөз алды.

— Кәзір біздің механизаторлар СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы қаулысын мүлтіксіз жүзеге асыру жолында қажырлықпен еңбек етуде, — деді ол. — Біз тракторларды және басқа да ауылшаруашылық машиналарын жөндеу қарқынын бұрынғыдан да күшейте түседіміз. Біздің барлық бригадаларымызда сайлау күрмесіндегі социалистік жарыс өңе өріс алды. Бұл күндері жөндеуші механизаторлар күнделік тапсырмаларын үнемі асыра орындайтын болды. Бұл біздің МТС коллективінің Отанымыздың қуатын арттыра беруге қосыл отырған үлесі. Сондықтан біз қолхоздарға МТС-тің көмегін жақсартуға, қолхоздарды ұйымдық-шаруашылық жағынан бұдан былай да нығайта беруге келелі үлес қосуға кәтеріңкі міндеттемелер алып, оны жүзеге асырудамыз.

Коммунистік партияның барлық сайлаушыларға арнаған Үндеуіне жауап ретінде Тоқшын совхозының үшінші фермасындағы озат сауыншы Бибиғайша Қоқыбаева жолдас өзінің пікірін былай деп мәлімдеді:

— Біздің туысқан Коммунистік партия СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысын мүлтіксіз жүзеге асыруға шақырады. Мен сауыншы болып жұмыс істеймін. Өткен январь айында әрбір сауын сыйырдан тапсырма бойынша 290 литрден сүт сауудың орнына, 344 литрден сүт саууға жетістім. Ал, февраль айында өзіме бекітілген әрбір сауын сыйырдан кем дегенде 400 литрден сүт саууға міндеттеніп отырмын. Бұл міндеттемені аброймен орындаумен партиямыздың шақыруына жауап беремін.

Бұл күндері облысымыздың қолхоздары мен совхоздарында, сондай-ақ кәсіп-орындарында жоғарыда аталған Үндеулерді еңбекшілерге түсіндіру жұмысы кеңінен өріс алуда. Ендігі міндет — жергілікті партия, совет, кәсіподақ, көлемді ұйымдары бүкілхалықтық мереке — сайлау күнін саяси және өндірістік өрлеумен, еңбекте жаңа табыстармен қарсы алу жөніндегі облыс еңбекшілерінің бас-тамаларын қызу қолдай білуде болып

Қазақстан Коммунистік партиясының VII съезі

16 февральда Алматыда, Қазақтың Абай атындағы Мемлекеттік академиялық опера және балет театрында Қазақстан Коммунистік партиясының VII съезі ашылды.

Сахнаның төрінде — Владимир Ильич Лениннің, Иосиф Виссарионович Сталиннің портреттері. Сахна үстіне тартылған алқызыл матаға: «Совет халқының коммунизм орнату жолындағы күресінің ұлы бағыт ейтеуші және басшы күші — Совет Одағының Коммунистік партиясы жасасын!» деген сөздер жазылған.

Сағат 11-де президиум столына Қазақстан КП Орталық Комитетінің секретары

П. К. Пономаренко жолдас келді. Ол Қазақстан Коммунистік партиясының VII съезін ашық деп жариялады.

Бұдан кейін съездің басшы органдары сайланды.

Делегат Н. И. Журин жолдас Ақмола, Шығыс Қазақстан, Қостанай, Солтүстік Қазақстан облыстары делегацияларының өкілдері Советінің тапсыруы бойынша съезд президиумының саны мен құрамы туралы ұсыныс енгізді. Съезд Н. И. Журин жолдасын ұсынысын қабылдады және бірауыздан президиум сайлады.

Қазақстан КП VII съезінің президиумы

ПОНОМАРЕНКО П. К.	ХРАМКОВ И. П.	БЕЙСЕБАЕВ М.
БРЕЖНЕВ Л. И.	СЛЕПОВ Л. А.	ОСПАНОВ Қ. Р.
ТАЙБЕКОВ Е. Б.	ЛУЧИНСКИЙ А. А.	БЕЙСЕНОВА М.
КЕРІМБАЕВ Д.	ЭБДРАЗАҚОВ Т. Ә.	ҚОЙШЫБАЕВ Т.
ПИГАЛЕВ П. Ф.	ҚАРЖАУБАЕВ Ғ. Ш.	ЖАНБАЕВ С.
СУЖИКОВ М. Ә.	ЗАХАРОВ Н. Д.	АДАМЕНКО Г. А.
ШАХХАМЕТОВ Ж.	КҮЗЕМБАЕВ Н. К.	ВЛАСЕНКО М. Д.
ГУБИН В. В.	ПОЛЫМБЕТОВ С. П.	ҚАРСЫБАЕВ Ш. К.
КӘРІБЖАНОВ Ф.	ЯКОВЛЕВ С. Я.	АРТЫҒАЛИЕВ Ш.
НОВИКОВ Н. Д.	ИНОЗЕМЦЕВ П. П.	ИВАНОВ А. М.
ЖАҚЫПОВ С.	ПОПАДЬКО А. Я.	КАЛАШНИКОВ К. Ф.
ЖУРИН Н. И.	ДАҒЫРОВ М. Д.	СЛАЖНЕВ И. Г.
ТӘШЕНОВ Ж. А.	ТОҚТАМЫСОВ С.	ИНЮШИН М. В.

Делегат С. Жақыпов жолдас Алматы, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл және Қызылорда облыстары делегацияларының өкілдері Советінің тапсыруы бойынша

съезд секретариатының құрамы туралы ұсыныс енгізді. Съезд С. Жақыпов жолдасын ұсынысын қабылдады және бірауыздан секретариат сайлады.

Қазақстан КП VII съезінің секретариаты

БАИШЕВ С.	ТӘЖИЕВ И. Т.	ШӘРІПОВ И.
БОЯРСКИЙ Ф. Ф.	ЕФРЕМКИН М. А.	РАХМАНОВ А. Ф.
ЫБЫРАЕВА Ә.	ЛОГИНОВА Т. Д.	ОСПАНОВ Қ. О.
ҚОНАЕВ Д. А.	АЛДАБЕРГЕНОВ Н.	

Делегат Ж. А. Тәшенов жолдас Ақтөбе, Көкшетау, Гурьев және Батыс Қазақстан облыстары делегацияларының өкілдері Советінің тапсыруы бойынша Қазақстан КП VII съезінің редакциялық комиссиясының

құрамы туралы ұсыныс енгізді. Съезд Ж. А. Тәшенов жолдасын ұсынысын қабылдады және бірауыздан редакциялық комиссия сайлады.

Қазақстан КП VII съезінің редакциялық комиссиясы

БОЙКО Н. И.	НИКИТИН И. И.	АКУЛОВ Г. Г.
ШМЕЛЬКОВ И. Е.	РАХМАНЮК Д. Д.	КУЛАК В. С.
ЕФИМОВ П. П.	ДАУЫЛБАЕВ А. Д.	ТУТАЕВА Р.
КОВТУН С. А.	ПОСПЕЛОВ И. И.	ИВАНОВ А. Ш.
ЖАНДІЛДИН Ғ.		

Делегат С. Я. Яковлев жолдас Қарағанды, Семей, Талдықорған және Павлодар облыстары делегацияларының өкілдері Советінің тапсыруы бойынша Қазақстан КП VII съезінің мандат комиссиясының

құрамы туралы ұсыныс енгізді. Съезд С. Я. Яковлев жолдасын ұсынысын қабылдады және бірауыздан мандат комиссиясын сайлады.

Қазақстан КП VII съезінің мандат комиссиясы

ФЕДУЛИН А. С.	ЖҮСЫПОВ А.	СИМАКОВ К. М.
НЕКЛУДОВ А. И.	ПЛЕВАКО Г. И.	ҚАЛКЕНОВ Ш.
ТУРЧАНИНОВ М. В.	СОВОЛЕВ И. И.	РЕЗЧИК П. Х.
КАРТАШЕВ П. Ф.	БІРІМОВА Б.	ХАСЕНОВ М.
МОРОЗОВ А. К.	СУВОРОВ Д. А.	ДЕХАНОВ М. М.
ТАСБАЕВ К.	ЭЛІБЕКОВ Т.	МӘМБЕТОВ А. И.
ЕЛАГИН Н. В.		

Бұдан кейін П. К. Пономаренко жолдас Қазақстан VII съезінің күн тәртібін

талқылауға салды. Съезд бірауыздан мына күн тәртібін бекітті.

Қазақстан КП VII съезінің күн тәртібі

1. Қазақстан КП Орталық Комитетінің есепті баяндамасы.
2. Қазақстан КП Тексеру Комиссиясының есепті баяндамасы.
3. Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Тексеру комиссиясын сайлау.

Қазақстан КП Орталық Комитетінің есепті баяндамасын жасау үшін Қазақстан КП Орталық Комитетінің бюро мүшесі Ж. Шаххаметов жолдасқа сөз берілді.

ті баяндамасы бойынша жарыссөз басталды. Жарыссөзде бірінші болып Алматы облыстық партия комитетінің секретары С. Жақыпов жолдас сөз сөйледі. Бұдан кейін Қарағанды облыстық партия комитетінің секретары С. Я. Яковлев жолдас, Ақтөбе облыстық партия комитетінің секретары Ж. А. Тәшенов жолдас, Көкшетау облыстық партия комитетінің секретары М. Бейсебаев жолдас сөз сөйледі.

Шаххаметов жолдасын баяндамасынан кейін тексеру комиссиясының председатели З. А. Бунаков жолдас тексеру комиссиясының есепті баяндамасын жасады.

Осымен Қазақстан КП VII съезінің бірінші мәжілісі аяқталды.

Бұдан кейін Қазақстан КП Орталық Комитетінің есепті баяндамасы және Қазақстан КП Тексеру комиссиясының есеп-

Бүкілодақтық Лениндік Коммунистік жастар Одағы Орталық Комитетінің

Барлық жас сайлаушыларға

Ү Н Д Е У І

лау күнін халық шаруашылығының барлық саласында өндірістік жаңа табыстармен қарсы алу жөнінде көтеріңкі міндеттемелер алуға.

Совет Одағы Коммунистік партиясының Орталық Комитетінің сайлаушыларға арнаған Үндеуіне қаладағы Киров атындағы заводтың коллективі қызу үн қосты. Завод коллективінің жыйналысында байқау цехының мастері Шершнев жолдас сөз сөйлеп, былай деді:

— Осы жылғы 14 мартта совет халқы өкмет билігінің жоғарғы органын сайлайды. Партияның Орталық Комитеті біздерді коммунистер мен партияда жоқтардың блогі ұсынған кандидаттарға дауыс беруге шақырды. Біз коммунистер мен партияда жоқтар блогінің ұсынған кандидаттарына дауыс бере отырып, социалистік Отанымыздың бұдан былай да гүлденіп, көркейе беруі үшін, халқымыздың материалдық тұрмыс дәрежесі мен мәдениетінің арта беруі үшін дауыс береміз.

Бұл ізгі мақсат пен тілек тек Шершнев жолдасын ғана мақсаты емес, бұл сонымен қатар бүкіл завод коллективінің мақсаты мен тілегі. Бұл сыр — барлық совет адамдарының сырмен тығыз ұштасып жатыр. Өйткені, совет адамдарының түпкі мақсаты біреу, ол — елімізде коммунизм орнату. Міне, сол үшін совет адамдары жауырлықпен аябай еңбек етеді.

СОКП Орталық Комитетінің Үндеуі Совет ауданының колхозшылары мен механизаторлары, жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлері арасында да орасан зор қолдау тапты. Ауданның еңбекшілері Үндеуді радио арқылы тыңдасымен партияның шақыруына жауап беру үшін шаруашылықтың барлық саласында өндірістік өрлеу туғызды. Үндеу жарияланған газетті алысымен осы аудандағы Шағыл МТС-нің механизаторлары мотор цехына жыйналды. Үндеуді оқып

түсініп, олар өздерінің жанын еліміздің сайлауына әзірлікті жан-жақты жүргізе отырып, егіс бригадаларында, мал фермаларында, цехтарда және шаруашылықтың басқа салаларында да сайлау құрметіндегі социалистік жарыстың кең өріс алуын қамтамасыз етуге тиіс. Сайлау құрметіндегі социалистік жарысты кеңінен өрістетуге дегеніміз — сайлау күнін барлық жағынан тыңғылықты әзірлікпен қарсы алу, сайлау күніне, демек, бүкілхалықтық мерекеге лайықты тартулармен қелу, сөйтіп, сайлау күнін жоғары дәрежеде өткізу деген сөз.

Кәзір облыс еңбекшілерінің алдында тұрған аса жауапты міндет — СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысын орындау, егіншіліктің мәдениетін арттырып, мал шаруашылығын өркендету, егін және мал шаруашылығы өнімділігін арттыру арқылы халқымыздың және жеңіл өнеркәсібіміздің бұл жөніндегі тілегін толық өтеу. Бұл үшін көктемгі егіске әзірлікті, төл алууды, мұд қыстатуды ұйымшылдықпен жүргізудің зор маңызы бар. Сондықтан жергілікті партия, совет, кәсіподақ, комсомол ұйымдары шаруашылықтың бұл салаларына нақтылы басшылық жасап отырулары керек.

Коммунистер мен партияда жоқтар блогі ұсынған кандидаттарды жақтап дауыс бере отырып, сайлаушылар Коммунистік партияның саясатын жақтап дауыс беруді, оның алға қойған міндеттерін жүзеге асыруды жақтап — социалистік өнеркәсібімізді онан сайын өркендетуді, ауыл шаруашылығын шұғыл өркендетуді, халқымыздың әл-ауқат және мәдени дәрежесін үздіксіз арттыруды жақтап дауыс беруді. Сонымен бірге, совет сайлаушылары социалистік мемлекетіміздің қуатын барған сайын арттыра беру үшін дауыс береді.

Лениннің — Сталиннің туы астында, Коммунистік партияның басшылығымен — коммунизмнің толық жеңуіне қарай алға баса берейік!

Графиктен 34 минут бұрын

Петропавл темір жол торабының коллективі Совет Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің барлық сайлаушыларға арнаған Үндеуін аса зор қуанышпен қарсы алды. Тораптың барлық кәсіпорандарында үндеуді оқу ұйымдастырылды. Теміржолшылар үндеу құрметіне жаңа, зор өндірістік міндеттемелер алды.

Петропавл паровоз депосының көтерме жөндеу цехының коллективі үндеуді оқысымен февраль айында 2 паровозды жөндеуден артық жөндеуге міндеттенді. ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы құрметіндегі социалистік жарысты кеңінен өрістеткен цех жұмысшылары февраль айының алғашқы 10 күндігіне белгіленген өндірістік тапсырманы артығымен орындап шықты.

Жөндеушілерден паровозшылар да қалыспайтын емес. Аға машинистер Слюнько, Бантинский, Антонов, Михайлов жолдас-тар басқарған бригадалар СОКП Орталық Комитетінің үндеуіне еңбектегі жаңа та-

быстармен жауап беруді көздеп, паровоздардың техникалық жылдамдығын арттырып, тек қана ауыр салмақты поездарды жүргізуге міндеттенді. Кәзір аталған машинистердің бригадалары әрбір сағат сайын поездарды график бойынша жүргізіп, өздерінің көтеріңкі міндеттемелеріне лайық еңбек етіп жүр.

Бұрнағы күні машинист Дмитрий Мозговой жолдастың бригадасы жақсы көрсеткіштерге жетті. Оның бригадасы салмағы нормадағыдан 460 тонна артық ауыр составты Петропавл станциясына Макушино станциясына графиктен 34 минут бұрын жеткізді.

Паровозшылар Кәсіпшілер Одағының Бүкілодақтық Орталық Советінің кәсіп-одақтардың барлық мүшелеріне арнаған үндеуін де зор қуанышпен қарсы алды. Олар бұл үндеуге еңбекте жоғары көрсеткіштерге жетуден, сменалық нормаларын ұдайы артығымен орындаумен жауап беруге міндеттенді.

П. ОСИПОВ.

Қымбатты жолдасар!

1954 жылғы 14 мартта жас сайлаушылар біздің ұлы Отанымыздың барлық еңбекшілерімен бірге Советтік Социалистік Республикалар Одағының Жоғарғы Советіне депутаттар сайлайды.

ССРО Жоғарғы Советінің алдағы сайлауына, өткен сайлау науқандарындағы сияқты, Бүкілодақтық Лениндік Коммунистік Жастар Одағы Коммунистік партиямен тығыз одақтасып, коммунистер мен партияда жоқтардың біртұтас блогі болып қатысады.

Бүкілодақтық Лениндік Коммунистік Жастар Одағы Коммунистік партияның басшылығымен қала мен деревня жастарының миллиондаған бұқарасын партиямыз бен үкметіміздің біздің Отанымыздың қуаттылығының өсуін және ССРО-ның барлық халықтарының гүлденуін қамтамасыз ететін саясатын жүзеге асыруға топтастырады және жұмылдырады. Жас сайлаушылар!

БЛЕЖО Орталық Комитеті сіздерді коммунистер мен партияда жоқтар блогінің кандидаттарына дауыс беруге және сөйтіп, бұдан былайғы жерде де коммунизм құрылысында Коммунистік партияға барлық күшпен көмектесуге, советтік социалистік қоғамды нығайтуға, жұмысшы табы мен шаруалардың одағын, ССРО халықтарының мызғымас достығын қорғауға және нығайтуға өздеріңізді әзір екендіктеріңді білдіруге шақырады.

Халық игілігі үшін қамқорлық жасау Коммунистік партия мен совет мемлекеті үшін ең жоғарғы заң болып табылады. Партия халық шаруашылығы мен мәдениеттің барлық салаларының өрлеуін қамтамасыз етті, совет адамдарының материалдық және мәдени-тұрмыс дәрежесінің елеулі арттырылуына жетісті.

Коммунистік партия мен Совет Үкметі ауыр индустрия саласындағы қол жеткен табыстарға сүйене отырып, СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының қаулысында және ССРО Министрлер Советі мен партияның Орталық Комитетінің одан кейінгі қарарларында белгіленген ауыл шаруашылығын және халық тұтынатын заттар өндірісін шұғыл өр-

кендетудің программасын жүзеге асыруда.

Комсомолдар және барлық совет жастары Коммунистік партия мен Совет Үкметінің ауыл шаруашылығын және халық тұтынатын заттар өндірісін онан әрі өркендетуге бағытталған қарарарын өзінің барлық жұмысының жауынгерлік программасы ретінде қарсы алды және бұл толғағы жеткен міндеттің жүзеге асырылуы жолындағы бүкілхалықтық күреске белсене ұштасты.

Өнеркәсіп орындарының комсомолдары мен жастары өндіріс алаңдары мен құрал-жабдықтарын мейлінше жақсы пайдалану, өнім шығаруды арттыру және оның сапасын жақсарту жолындағы социалистік жарысты онан сайын кең өрістетуде. Сөйтіп, олар социалистік өнеркәсіптің резервтерін ашуға, ол резервтерді біздің индустриямыздың онан сайын өсуі үшін пайдалануға және халық тұтынатын заттар шығаруды ұлғайтуға белсене көмектесуде.

Машина-трактор станцияларының, колхоздар мен совхоздардың комсомолдары мен жастары МТС-тер мен совхоз қызметкерлерінің Бүкілодақтық кеңестерінің шақыруы бойынша елімізде өріс алған социалистік жарысқа қосылауда. Село жастарының жігері мен творчестволық инициативасы қоғамдық мал шаруашылығын тез өркендетуге, картоп пен өсімдік өндірісін ұлғайтуға, дәнді дақылдардың шығымдылығын өдеуірт арттыруға, біздің социалистік ауыл шаруашылығымыздың барлық резервтерін пайдалануға бағытталуда.

Совет жастары партия алға қойған міндеттерді ойдағыдай орындау жолында белсене күресіп отырып, социалистік экономика мен мәдениеттің гүлденуіне, халықтың материалдық әл-ауқаты мен мәдениет дәрежесінің онан сайын артуына көмектеседі.

Біздің социалистік мемлекетіміз жас ұрпаққа үздіксіз қамқорлық жасайды. Совет жастары капиталистік елдердің жас ұрпақтары душар болып отырған қанаушылық пен жұмыссыздықтан, правосыздық пен езушіліктен мәңгіге азат етілген. Совет елінің жастарына еркін творчество-

лықпен еңбек ету үшін, өздерінің кабинеттері мен таланттарын дамыту үшін барлық мүмкіншіліктер жасалған. Совет мемлекеті жастардың ғылым мен мәдениеттің барлық қазыналарын меңгеруіне кең жол ашты. Еліміздің мектептерінде он миллиондаған жас адамдар білім алуда. Жоғары оқу орындары мен техникумдарда 3 миллионнан аса студенттер мен оқушылар оқып жүр. Өткен 1953 жылы қолөнер, темір жол, тау-кен өнеркәсібі мектептері мен училищелерін, фабрика-завод оқу мектептерін 320 мың жаңа жигіттер мен қыздар бітіріп шықты. Біздің елімізде жастардың мәдениет және дене шынықтыру жағынан жан-жақты өсуі үшін жағдай жасалған. Оларға 380 мың кітапхана, 123 мың клуб мекемелері, мыңдаған стадиондар, гимнастика залдары, шаңғы базалары, спорт алаңдары, санаторийлер, демалыс үйлері қызмет етеді.

Бүкіл совет халқымен бірге, совет жастары мемлекет басқаруға қатысады. 130 мыңнан аса советтік жас азаматтары еңбекшілер депутаттарының Советтеріне сайланған. Совет Конституциясы жас азаматтарға сайлауға және мемлекеттік өкметтің жоғарғы органы — ССРО Жоғарғы Советіне сайлануға право береді. Біздің елімізде жастар арасынан кабинетті, талантты адамдарды мемлекеттік органдарда, өнеркәсіпте, ауыл шаруашылығында басшы қызметтерге жоғарылату арқашан қолдау тауып отырады.

Комсомолдар мен комсомолқалар, жас жигіттер мен қыздар!

Коммунистер мен партияда жоқтар блогінің кандидаттарына дауыс бере отырып, біз Коммунистік партияның совет адамдарының материалдық және мәдени-тұрмыс дәрежесін онан сайын арттыруға, біздің жастарымыздың үнемі өсіп отыратын талаптарын жан-жақты қанағаттандыруға бағытталған саясатын толық қолдайтындығымызды білдіреміз.

ССРО Жоғарғы Советінің алдағы сайлауы бейбітшіліктің, демократия мен социализмнің қуатты лагерінің онан сайын нығайту жағдайында, совет мемлекетінің халықаралық шиеленісушілікті бәсеңдету

үшін, жаңа дүниежүзілік соғысты тұта-туға ұқтылушы агрессияшыл империалистік күштерге қарсы белсенді күресі жағдайында өтеді.

Коммунистік құрылыстың орасан зор программасын жүзеге асырумен шұғылданышы совет халқы, біздің туысқан үкметіміз бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілік ісін батыл және дәйектілікпен қорғауда, біздің Отанымыздың хауіпсіздігін қамтамасыз етуге талмастан қамқорлық жасауда.

Жас сайлаушылар!

Коммунистер мен партияда жоқтар блогінің кандидаттарына дауыс бере отырып, біз Совет Үкметінің бейбітшілік сүйгіш сыртқы саясатын өзіміздің қызу қолдайтындығымызды және мақұлдайтындығымызды білдіреміз, келешекте де біздің Советтік социалистік мемлекетіміздің қуатын талмастан нығайта беруге деген өзіміздің қалтқысыз еркімізді тағы да көрсетеміз.

Коммунистік партия еліміздің жас жигіттері мен қыздарын советтік жалынды патриоттар, ержүрек, табанды, коммунизмнің ұлы ісінің жеңілмейтіндігіне сенімді, бұл ұлы мақсатқа жету жолындағы қы-йыншылықтар мен қедергіліктердің қандайын болса да жеңуге қабілетті етіп тәрбиелеуде.

Совет жастары болашаққа көз жіберіп отыр. Біздің еліміз қуатты творчестволық күштерінің гүлденген жағдайында коммунизм жолымен сеніммен алға басуда. Халықтың, Коммунистік партия мен Совет Үкметінің тығыз, мызғымас бірлігі коммунистік құрылыста жаңа табыстарға жетудің кепілі болып табылады.

Жас сайлаушылар! Сайлауға тегіс қатысыңдар!

Коммунистер мен партияда жоқтардың халықтық блогінің кандидаттарына дауыс берейік!

Біздің Совет Одағының ұлы Коммунистік партиясы жасасын!

Даңқты совет жастары жасасын!

Лениннің — Сталиннің туы астында, Коммунистік партияның басшылығымен коммунизмнің салтанат құруына қарай алға баса берейік!

Бүкілодақтық Лениндік Коммунистік Жастар Одағының Орталық Комитеті.

Тігіншілер серті

үндеуді тыңдаған жыйынында озат тігінші Шутова жолдас былай деді:

— Халық тұтынатын товарларды көп және сапалы етіп шығару — партиямыз бен үкметіміздің бүгін таңда алға қойыл отырған басты міндеттердің бірі. Біз өзіміздің халық қажетін өтейтін киімдер

тігетіндігімізді мақтаныш етеміз. Үндеуге жауап ретінде мен цехтың барлық тігіншілерін еңбек өнімділігін арттырып, тігілген киімдердің мейлінше сапалы болуы үшін күресуге шақырамын.

Цех коллективі озат тігіншінің бұл

шақыруын қызу қарсы алды.

Үндеуді оқуға арналған жыйындар № 1 және № 2 цехтарда да зор өрлеу үстінде өтті. Тігіншілер үндеуге жауап ретінде өздеріне көтеріңкі міндеттемелер алды.

ПАРТИЯ ТҮРМЫСЫ

Насихатшы—партия окуындағы басты тұлға

(Үйірме жетекшілерінің жұмыс тәжірибесінен)

Көзір партия насихатындағы басты міндет—партия окуының сапасын мейлінше арттырып, коммунистердің саяси білім алуға, маркстік-лениндік теорияның негіздерін үйренуге құмарлық ынтық бұрыныштан да әрі күшейте беру болып отыр. Бұл басты міндетті ойдағыдай шешу насихатшы кадрларға, олардың теориялық даярлығы мен методикалық шеберлігіне тығыз байланысты.

Үйірме жетекшілерінің әрбір сабаққа мұқият әзірленуі, насихатшы өңімесінің мазмұнды болып өтуі, тыңдаушылардың оқу материалын үйрену жолындағы өздігінен даярлануы, насихатшының тыңдаушылармен қызу өрістетілген әңгіме өткізугі — насихатшылардың жұмысындағы ең басты мәселелер болып саналады. Мұны көптеген тыңдаушы насихатшылардың жұмыс тәжірибелері толық дәлелдейді.

Ең алдымен, насихатшының әрбір сабаққа барлық жағынан жете әзірленуі үйірмедегі сабақтың сапалы болып өтуіне қамтамасыз ететін басты шаралардың бірі екенін практика көрсетіп келеді.

Петропавл қаласындағы жылу электр орталығы партия ұйымы жанындағы партия тарихын үйренетін негізгі типті үйірменің жетекшісі Борисов жолдас оқу жылының басында-ақ үйірменің бүкіл курсы ойластырып, оқу программасын қалай өтуді анықтан алды. Сабаққа әзірленуді бастағанда ол ең алдымен партия тарихы қысқаша курсының белгілі тарауын, осыған байланысты марксизм-ленинизм классиктерінің шығармаларын мұқият оқып шығуды мақсат етіп қояды. Ұсынылған оқу материалдарын терең оқып шыққан соң насихатшы сабақ өткізуге қажетті көрнекі құралдарды, жергілікті материалдарды және партия тарихындағы маңызды оқиғаларды айқын суреттейтін көркем әдебиет шығармаларын даярлап алады.

Белгілі бір тақырып бойынша сабаққа даярланып болған соң Борисов жолдас өзінің өткізетін сабағының жоспарын жасайды. Бұл жоспарда сабақтың тақырыбын, мақсатын, тыңдаушылармен әңгімелесу үшін негізгі түйінді мәселелерді, үйірме тыңдаушыларының оқу материалы бойынша өздігінен даярлануы үшін тапсырманы белгілейді.

Үйірмедегі тыңдаушылардың даярлығына және үйірме жетекшілерінің іскерлігіне байланысты сабақ өткізу жоспары әртүрлі жасалатындығын ескеру керек. Мысалы, кейбір насихатшы өткізетін сабақтың бүкіл барысын түгел жазса, екіншілері тек негізгі мәселелерді тізіп алумен ғана тынады. Қорытын айтқанда сабақты өткізуге мұқият әзірленіп, терең ойланп жасаған жоспары болса, насихатшының онда сабақты жақсы өткізе алатыны сөзсіз.

СОКП тарихын оқытатын үйірмеде өт-

лармен әңгімелесуден басталады. Әңгімелесудің кең өрістетілген қызығалықты, творчестволық жағдайда өтуі насихатшының түсіндіруіне ғана емес, сонымен бірге тыңдаушылардың өтетін тақырыпқа өздігінен даярлануына жақсы жағдай жасайды. Сондықтан да насихатшы Ченков жолдас тыңдаушылардың сабаққа өздігінен даярлануына көп назар аударып, үнемі көмектесіп отырады. Қажет болған жағдайларда тыңдаушылардың тілегі бойынша жекелеп және топтап консультациялар өткізіп, түсініксіз мәселелерді жете анықтап береді. Әрбір сабақтың басында үйірме тыңдаушыларының оқу материалынан қалай көңелініп жасағанын байқап, кейбіреулеріне бұл жөнінде тиісті кеңес береді. Сабақтан тыс уақыттарда тыңдаушыларға өздігінен даярлануына нақтылы көмек көрсетіп, кеңес беріп отыру үйірмедегі сабақтың сапасын жақсартуға, тыңдаушылардың жалықпай оқып, маркстік-лениндік теорияны меңгере беруіне сенімдерін күшейтуге көмектеседі.

Партия насихатында өзін-өзі толық ақтаған әдіс тыңдаушылармен қызығалықты, творчестволық әңгімелесуді өткізу шеберлігін ойдағыдай меңгере білген насихатшылар да аз емес. Бұл жөнінде насихатшы Неделько жолдасын (ет комбинаты партия ұйымы үйірмесінің жетекшісі) жұмыс тәжірибесі көңіл аударарлықтай.

Әңгімелесуді өткізуде насихатшы Недельконың алға қоятын басты міндеті—таңдау үшін негізгі мәселелерді дұрыс қоя білу және тыңдаушылардың сабақтағы белсенділігін арттыру. Неделько жолдас арқанын да әңгімелесуді өткізуге мұқият даярланып, талқыланатын тақырыпты қамтытатын 3—4 сұраулар әзірлеп алады. Мұның өзі әңгімені жүйелі түрде өткізіп, негізгі мәселелерді толық қамтуға мүмкіндік береді. Әңгімені жандандыра түсу үшін тыңдаушыларға ең алдымен өткен сабақтың мазмұнын еске түсіріп шығады. Соған соң әңгімелесу басталған кезде, ол сұрақты жеке тыңдаушыларға емес, барлығына арнап қояды. Әңгімелесу кезінде насихатшы, әсіресе, әзірлігі аздау тыңдаушыларды сөйлетуді, сөйтіп, үйірмедегі тыңдаушылардың барлығының белсенділігін арттыруды көздейді. Неделько жолдас әңгімелесу үстінде тыңдаушылардың тәртібіне де назар аударып, олардың оқу материалын зейін қойып тыңдап, таңдауға белсене қатынасуын да ескеріп отырады.

Үйірме тыңдаушыларының жалпы білім дәрежесі әртүрлі болуымен байланысты, олардың сабақтағы белсенділігі, әңгімелесуге қатысуы да әртүрлі болады. Олардың кейбіреулері оқу материалын қалай түсінгендігін өз сөздерімен айтып бере алады, ал екіншілері оқу құралынан көбініп жазған мәселелерін оқып бер-

Мысалы, Приешім ауданындағы «Большевик» колхозы партия ұйымының насихатшысы Жумағұлов оқу материалы жөнінен ешқандай түсінік бермей, әңгіме өткізбей, тыңдаушыларға оқу материалын өздеріне дауыстап оқуды тапсырған. Сабақ өткізудегі бұл сыяқты зиянды әдіс басқа да кейбір насихатшылардың практикасында кездеспейді деуге болмайды. Кейбір насихатшылар әлі де сабақты тек сұрақ-жауап әдісімен өткізеді. Мұндай жағдайда қызу өрістетілген әңгіменің, жолдасдық дискуссияның болуын қамтамасыз ету мүмкін емес. Бұл сыяқты зиянды әдіс мәселенің мәнін терең талдап, жете түсінуге мүмкіндік бермейді. Бұл әдіс партияның теориясы мен тарихын белсенділікпен, творчестволық талқылауға және жете түсінуге мүмкіндік жасамайды.

Кейбір насихатшылардың практикасында теорияны үйренудің марксизм-ленинизм рухына жат, жаттаушылық, дүмшелік көзқарастар, цитатпен әуестенушілік әлі толық жойыла бермеген. Оқылтын материалдар, кейбір теориялық қағыйдалар кейде нақтылы тарихи жағдайдан, партияның шаруашылық және саяси міндеттерінен бөлек алынып, баяндалады. Бұл жөнінде облыстық кәсіпшілік Советі, партия ұйымы жанындағы партия тарихын үйренетін үйірменің жетекшісі Сидоровтың жұмысын мысалға келтіруге болады. СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының «ССРО ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету шаралары туралы» қаулысын оқып үйренгенде насихатшы облыс, колхоз, совхоз, МТС-тердің нақтылы міндеттері жайында ештеңе айтпады. Мұндай сабақтар көзір үкмет пен партияның алға қойып отырған міндеттерін орындауда тыңдаушылардың белсенділігін арттырады деп айту қиын.

Жаңа, өскелең міндеттердің дәрежесінде болу үшін әрбір насихатшы өздерінің теориялық даярлығы мен методикалық шеберлігін арттырып отыруы керек. Бұл жөнінде әрбір насихатшы Коммунистік партияның жарты ғасырдан астам уақыттан бергі аса бай тәжірибесін үйренуге және бұл тәжірибені өзінің күнбе-күнгі практикалық жұмысында басшылыққа алып отыруға тиіс.

Коммунистік партияның негізін салушы данышпан В. И. Ленин және оның ісін алға апарушы ұлы Сталин еңбекші бұқараны біліммен, революциялық теориямен, коммунизм идеяларымен қаруландырудың тамаша үлгісін көрсетті. Олардың насихатшылық қызметі терең партиялықтымен, идеялықтымен, шеберлігімен, теорияның практикамен байланысты болуымен, мәселелерді шебер, өткір қоятындығымен және бұл мәселелердің толғағы жеткендігімен, тілінің айқындығы және түсініктілігімен сыйпатталады.

ОБЛЫСЫМЫЗДА



Қала еңбекшілерінің тұрмысы жылдан жылға жақсара түсуде. Әдемі, жаңадан салынған үйлер барлық көшелерде көбейіп келеді. Оқу орындарына жаңадан жабдықталған кең, жарық үйлер берілуде. СУРЕТТЕ: (сол жақта) Ленин атындағы көшеде жаңадан салынған 12 пәтерлі үй және (оң жақта) ауыл шаруашылығын механикаландыру техникумы. Суретті түсірген А. Розенштейн.

Үлгілі кітапханада

Мамлют станциясындағы аудандық кітапхана үйі бұл күндері сайлаушылар арасында үгіт-бұқаралық жұмыстың шын мәніндегі орталығы болып отыр. Кітапхананың оқу аалы сайлаушыларға үнемі толы болады. Мұнда олар ССРО Жоғарғы Советінің сайлауына байланысты үгітшілердің лекцияларын, әңгімелерін тыңдайды, көркем және саяси әдебиет кітаптарын, күнделікті газет, журналдарды оқыйды.

Кітапхана залы мейрамдағыдай безелген. Әсіресе «ССРО-да халық шаруашылығын өркендетудің бесжылдық жоспары» деген тақырыптағы стенд ерекше көз тартады. Оқу залында «ССРО азаматтарының праволары мен міндеттері», «Ғылым мен мәдениеттің өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының совет өкметі жылдарындағы табысы» деген тақырыпта фото-монтаждар, «Советтік сайлау системасы — дүние жүзіндегі ең демократиялық система», «Украинаның Россияға қайта қосылуының 300 жылдығы» атты кітап көрмелері және үгітшілер бұрышы жабдықталған.

Кітапханада сайлаушыларға арналған кештер жиі болып тұрады. Мәселен, жуырда сайлауға арналған сұрақ-жауап кеші өткізілді. Бұл кешке жүзден астам колхозшылар қатысты. Аудандық партия комитеті үгіт және насихат бөлімінің меңгерушісі Синяковский, ҚЛКНО аудандық комитетінің секретары Завгородняя, заң қызметкері Кузнецов және басқа да жолдастар сайлаушылардың сұрақтарына жауап берді.

Мұнан кейін болып өткен жас сайлаушылар кешінде аудандық кітапхананың меңгерушісі М. Дворянчикова жолдас баяндама жасады. Кеш соңында драма үйірмесінің мүшелері жас сайлаушыларға концерт берді.

Аудандық кітапханада жуырда СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумы

Ауқатты тұрмыстың айғағы

Біздің еліміздің халық шаруашылығы, негізінде, социалистік қор есебінен дамыйды. Сонымен қатар еліміздің алдында тұрған аса күрделі міндеттерді шешуде еңбекшілердің мемлекеттік жыйнақ қассаларындағы қаражаттарының да атқаратын ролі ерекше. Совет мемлекетінің уақытша жұмсауына берілген бұл сомалар халық шаруашылығын дамытудың қажетті шараларын деркесінде жүзеге асыруға көмектеседі.

Совет Одағында еңбекшілердің жыйнақ қассалардағы қаражаттарының өсуіне толық мүмкіншіліктер бар. Өйткені, совет адамның еңбегімен жасалған материалдық байлық біздің елімізде халықтың материалдық әл-ауқаты мен мәдени тілегін қанағаттандыру мақсатына арналған. Сол сыяқты, совет мемлекетінің ұлттық табысы да еңбекшілердің мүддесін көздей бөлінеді. Партия мен үкметтің өнеркәсіп және азық-түлік товарларын үздіксіз арзаңдату саясаты совет сомының құнын арттырып, жұмысшылар мен қызметкерлердің реальдық еңбекақысын және колхозшы шаруалардың реальдық кірісін үздіксіз өсіруде.

Совет адамдарының материалдық тұрмысының мейлінше жақсарып, күн санап гүлденіп отырғаны олардың күнделік тұрмысынан айқын көрініп отыр. Бұған мысал ретінде біздің облыстың жыйнақ қассаларындағы еңбекшілердің жыйнақ сомасын алайық. 1952 жылы облыс жыйнақ қассаларындағы еңбекшілердің вкладының сомасы 2750 мың сом болса, 1953 жылы бұл сом 7.989.800 сомға дейін өсті. Ал, көзіргі уақытта еңбекшілердің облыстық жыйнақ қассаларындағы ақшасының жалпы сомасы 43 миллион сомға жетті.

Қаланың жыйнақ қассаларындағы

еңбекшілер сомасының күн санап артуы Коммунистік партия мен Совет Үкіметінің халық үшін жасап отырған қамқорлығының айқын дәлелі. Мәселен, тек Петропавл қаласының өзінде ғана 45 мыңнан астам адам вкладчиктер болып есептеледі, ол бұлардың жыйнақ қассаларындағы сомасы 30 миллион сомдай.

Колхозшы шаруалардың да материалдық әл-ауқаты күннен күнге көркеюде. Көзірдің өзінде облыстың 12 мың колхозшысы селолық жерлердегі жыйнақ қассаларының вкладчиктері болып табылады. Олардың жыйнақ сомалары да күннен күнге артуда. Бұл табысқа, әсіресе, Конохов, Совет, Булаев аудандарындағы жыйнақ қассалары қызметкерлерінің қосқан үлестері өте зор.

Айта кету керек, колхозшы шаруаларды қамтытатын жыйнақ қассаларының саны әлі де болса аз. Облыстың көптеген селолық және ауылдық Советтерінде жыйнақ қассаларының жоқ болуы бұған айқын дәлел. Ал, мұның өзі колхозшыларды жыйнақ қассаларына вкладчик етіп тартуда едәуір дәрежеде керісінше әсер етіп отыр.

Жыйнақ қассаларының вкладчиктер санын өсіру мемлекеттік зор маңызы бар жұмыс. Сондықтан да облыс жыйнақ қассаларының қызметкерлері ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы құрметіне өздерінің жұмыстарын барынша жақсартып, жыйнақ қассаларына еңбекшілерден вкладчиктер тарту жоспарын мерзімінен бұрын орындауға жетісулері керек.

В. ДАМАСКИН,
Жыйнақ қассалары облыстық басқармасының оперативтік бөлімінің бастығы.

Аудан жаспары колхоздарға баруға тілек білдіруде

қызметін сабақтың негізі — насихатшының әңгімесі, оқу материалы бойынша тыңдаушылардың өздігінен даярлануы, олармен кең өрістетілген қызғылықты, творчестволық әңгімелесу болып табылады.

Үйірмеде жаңа материалды тыңдаушыларға түсіндіру жөніндегі насихатшының әңгімесі сабақтың маңызды бір буыны. Сондықтан да әңгіме идеялық мазмұны жағынан терең, тілі жағынан өте түсінікті болуы керек. Насихатшы Чепков жолдас (Мамлют совхозы партия ұйымы үйірмесінің жетекшісі) өзінің әңгімесінде басты-басты мәселелерді тыңдаушыларға жете түсіндіріп, сабақтың тақырыбын нақты мысалдармен, фактілермен толық сыйпаттайды. Өзінің әңгімесінде насихатшы көрнекі құралдар мен фактілерді, көркем әдебиет материалдарын орындай пайдалана біледі. Әңгімеде түсіндірілетін оқу материалдарын Чепков жолдас кәзіргі кезде партия мен Совет үкметі алға қойып отырған айбынды міндеттермен тығыз байланыстырып, бұл жөніндегі үйірме тыңдаушыларының міндетіне де тоқталады.

Әңгімесін толық айтып болған соң тыңдаушылардың қойған сұрақтарына жауап қайтарып, алдағы сабаққа даярланып келу үшін тыңдаушыларға өздігінен даярлану жөнінде үйге тапсырма береді.

Келесі сабақ арқанын да тыңдаушы-

румен ғана қанағатталады. Осыған байланысты насихатшы Неделько жолдас өзінің тыңдаушыларын оқу материалындағы кейбір мәселелерді жаттап алмай, оның мазмұнын түсінуін, әңгімелесуді мүмкіндігінше конспектісін оқымай өз сөздерімен айтуын талап етеді.

Әңгімелесудің соңында негізгі қойылған мәселелерге толық талдау жасалғанын кейін үйірме жетекшісі қысқаша қорытынды жасайды. Өзінің бұл қорытындысында Неделько жолдас тыңдаушылардың назарын, әсіресе, тақырыптың негізгі идеяларына аударып, олардың әңгімеге қалай даярланып, талқыланған мәселелер жөнінде қалай сөйлеп, оның мазмұнын қаншалықты түсінгендіктерін атап айтады. Міне әңгімелесуді осындай жағдайда өткізу үйірме тыңдаушыларының білімін баянды етуге, сонымен қатар оқу материалын терең меңгеруге көп әсер ететіні сөзсіз.

Жоғарыда айтылған таңдаулы насихатшылардың іс тәжірибесіндегідей үйірмеде сабақ өткізудегі творчестволық әдістерді насихатшылардың барлығы жете меңгерді дегуге болмайды. Мұны әлі де болса кейбір үйірмелер мен мектептерде сабақ сапасыз өтіп, коммунистерді мүлдем қанағаттандыра алмай отырғандығы толық дәлелдейді.

В. П. Лениннің өрпаз зор өсиетімен тұрса да, оның насихатшылық тәжірибесі соншалық бай бола тұрса да, ол көптеген лекция, баяндамалар жасап, немесе насихаттық мақалалар жазып жүрсе де, ол өзінің әрбір сөйлеген сөзіне, әрбір баяндамаға, әрбір лекцияға өте мұқият даярланатын. Лениннің сөйлеген сөздерінен, конспектілерінен, оның өте мазмұндылығын, және ең қажетті, ең негізгі нәрсені атап көрсете білетіндігін, әрбір жарқын мысалдар мен сыйпаттай білетінін көреміз.

СОКП Орталық Комитеті мен Совет Үкметі халық шаруашылығын онан әрі өркендету жөнінде аса маңызды шаралар белгілеп, жүзеге асыруда. Үйірмелер мен саяси мектептердің сабағында ауыл шаруашылығын өркендету, сауда, азық-түлік және көпшілік тұтынатын товарларды көп, сапалы өндіру жөніндегі қаулыны іске асыруда алда тұрған практикалық міндеттер жете түсіндірілуі қажет. Партия оқуы жүйесінде басты тұлға болып саналатын насихатшы кадрларымыздың әрі аса жауапты, әрі аса құрметті міндеттері, міне, осында.

Қ. МҰХАМЕТҚАЛИЕВ.

Насихат және мәдениет қызметкерлерінің кеңесі

Бүгінгі күні ҚКН облыстық комитеті қалалық және аудандық партия комитеттерінің насихат және үгіт бөлімдері менгерушілерінің, аудандық мәдениет бөлімдері менгерушілерінің бір күндік кеңесін өткізді.

Кеңеске «облыстық және өлкелік партия комитеттері мен одақтас республикалар компартияларының Орталық Комитеттерінің насихат және үгіт бөлімдерінің менгерушілері мен ғылым және мәдениет бөлімдері менгерушілерінің СОКП Орталық Комитеті шақырған кеңесінің қорытындылары туралы» облыстық партия комитетінің насихат және үгіт бөлімінің менгерушісі Егоров жолдас баяндама жасады. Сонымен қабат кеңеске қатысушылар облыс партия ұйымында партия оқуы мен лекциялық насихаттың және үгіт-бұқаралық жұмыстың жағдайы туралы қосымша баяндамалар тыңдады.

Кеңеске қатысушылар кейбір жерлерде партия оқуын ұйымдастыруда кездесіп отырған кемшіліктерді, әсіресе, насихат жұмысында жаттап алған сөзді айту, сипатты көптеп келтіру сияқты фактілердің бар екенін, әлі де болса бірқатар лекциялардың мазмұны төмен екенін атап көрсетті. Сондай-ақ үгіт-бұқаралық жұмыста фермальдыққа жол беріледі. Бірқатар үгіт коллективтері мен мәдени-ағарту мекемелері СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының қаулысын насихаттауды колхоз, совхоз және МТС-тердің міндеттерімен тығыз байланыстырмайды.

Мал қыстату маусымын үлгілі өткізу үшін күресте

Колхоз партия ұйымы қоғамдық мал шаруашылығын бүгінгі талапқа сәйкес өркендету үшін күресуде. Мал шаруашылығын өркендетуде мал қыстату маусымы шешуші роль атқаратыны мәлім. Осыны еске алып, партия ұйымы жазғы маусымда мал азығының берік базасын жасау мәселесіне баға назар аударды. Қажетті мөлшерде жабайы шөп, 1500 центнер концентрат, 1600 центнер сүрленген шөп, тамыржемісті азықтар әзірленді.

Мал қыстату маусымының алғашқы күндерінен бастап, колхоз коммунистерінің мал фермаларында тікелей жұмыс істеуі, олардың өндірісте авангардтық роль атқаруы ұйымдастырылды. Коммунист Пудовкин жолдас мал азығының мырпаққа ұшырамауына жауапты. Сонымен қабат ол қыстау маңына мал азығын тасуды ұйымдастырып келеді. Коммунист Пигалев жолдас фермаларда мал азығын өлшеп беріп отырады.

Колхозда январь айына дейін малға жабайы шөп буланып берілмейді. Бұл мәселе партия ұйымының жыйналысына қойылды. Жыйналыста коммунистер колхоз председатели Сибгатуллин жолдас тың есебін тыңдап, жергілікті мүмкіншіліктерді пайдалану арқылы жабайы шөпті буландырып жасауды ұсынды.

Партия жыйналысынан қорытынды шығарған Сибгатуллин жолдас темір ұсталары және ағаш шеберлерімен

бірлесе отырып, бір аптаның ішінде шөп буландырып машинасын жасады. Осының нәтижесінде күн сайын 20—25 центнер жабайы шөп және сабан малға буландырылып берілетін болды.

Мұнан кейін мал шаруашылығына жұмыс істейтін коммунистер Веревакий және Быков жолдасар сауын сыйырлардың құнарлылығын арттыру жөнінде мәселе көтерді. Олар колхоз зоотехнигімен бірлесе отырып, сауын сыйырларды арнаулы рацион бойынша азықтандыруды ұсынды. Бұл ұсыныс дереу қолдау тапты. Фермада 20 сауын сыйыр арнаулы күтімге қойылды. Бұрын әрбір сауын сыйырдың 6—7 литрден ғана сүт алынса, кәзір оның құнарлылығы 10—12 литрге дейін жетіп отыр.

Колхоз мал өсірушілері СОКП Орталық Комитетінің сайлаушыларға арнаған үндеуіне үн қосты. Олар партиямыздың шақыруына қоғамдық малдың сайын көбейтумен бірге, оның өнімділігін арттырумен жауап береді. Колхоз партия ұйымы мал өсірушілердің патриоттық белсенділіктерін үнемі қолдап, олардың қоғамдық мал шаруашылығын өркендетуде табыстан-табысқа не бола берулеріне жетіседі.

Ф. ПИГАЛЕВ,

Полудень ауданы, «Путь Ильича», колхозы партия ұйымының секретары.

және Украинаның 100 жылдығына орайлауының 300 жылдығы туралы сайлаушылар кештері өткізілмек.

М. ДӘУИТОВА.

Оқушылар егіс алаңына қар тоқтатты

Аманкелді жетіжылдық мектебінің (Совет ауданы) оқушылары оқудан бос уақыттарында өздерінің туған колхоздарына көмектесу мақсатымен жексенбіліктер ұйымдастырып тұрады. Жуырда өткізілген жексенбілікке оқушылар күздің егіс етілген 30 гектар алаңға қар тоқтатты.

Жексенбілікке оқытушылар мен оқушылар толық дерлік қатысты.

Т. САДУАҚАСОВ.

ШАҢҒЫШЫЛАР ЖАРЫСЫ

Жуырда Смирнов поселкесінде аудан шаңғышыларының жарысы өткізілді. Жарысқа 20-дан астам спортшылар қатысты.

Екі күнге созылған жарыс қорытындысында 15 километрлік қашықтықты жүріп өтуде Смирнов орта мектебінің оқушысы Демшин бірінші орынға не болды. Екінші орынды «Совет» колхозының мүшесі Антонов жеңіп алды.

Әйелдердің 5 километрлік жарысында Турчан, Косенко жолдасар жақсы көрсеткіштерге не болды.

Қ. ӘБДІХАЛЫҚОВ.

МОТОЦИКЛДЕР САТЫП АЛДЫ

Приешім ауданы, «Қызыл жұлдыз» ауылшаруашылық артелі мүшелерінің материалдық әл-ауқат және мәдени дәрежесі күннен-күнге өсуде. Быйылғы жылы көптеген колхозшылар өзіне жаңадан үйлер салып, 10 мотоцикл сатып алды.

С. БАЗАРБАЕВ.

Жуырда Булаев ауданының орталығында тұратын жастардың жыйналысы болып өтті. Онда Петропавл паровоз депосы комсомолдері мен жастарының үндеуі талқыланды. Аудандық комсомол комитетінің секретары Еременко жолдас сөз сөйлеп, СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету туралы алға қойған міндеттер жөнінде айтып өтті.

Жастар петропавлдықтардың шақыруын қызу қолдады. Зоя Мұратова және Нина Кендеева жолдасар трактор-

шылар дайындауына құрметпен баруға тілек білдіріп, бұл жөнінде көмек көрсетуді сұрап, аудандық комсомол комитетіне арыз берді.

Электр механигі Николай Романов жолдас өз мамандығы бойынша жұмыс істеу үшін МТС-ке баруға тілек білдірді.

Бір күн ішінде аудандық комсомол комитетіне Булаев поселкесінде тұратын жастардан механизатор мамандығын меңгеруге тілек білдірген онға жуық арыз түсті.

Б. ЖАҚЫПОВ.

Үгітші мұғалімдер

Октябрь ауданындағы Қаратал жетіжылдық мектебінің мұғалімдер коллективі ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы қарсаңында сайлаушылар арасында үгіт-бұқаралық жұмысын өрістете түсті.

Мектеп мұғалімдерінің көпшілігі участоктік сайлау комиссияларының мүшелері, үгітшілер болып істейді. Мұғалім Қ. Раббасов, Ғ. Хамзин жолдасар сайлаушылар үйлерінде күн сайын

дерлік болып, оларға советтік сайлау системасы, халықаралық жағдай туралы әңгімелер айтады, дауыстап газет оқып береді.

Кәзір үгітші мұғалімдер сайлаушыларды ССРО Жоғарғы Советі депутаттығына кандидаттардың өмірбаяндарымен таныстырып жүр.

З. РАМАЗАНОВ.

ІРІ ҰТЫС

Мамлют совхозының бір жұмысшысы аудандық жыйнақ кассасына ССРО Халық шаруашылығын өркендетудің мемлекеттік замының (1952 жыл шығарылуы) 100 сомдық облигациясын әкеліп тексертті. Бұл облигацияға 10 мың сом ұтыс шықты. Жыйнақ кассасы осы заем бойынша Чкалов атында-

ғы колхоздың мүшесіне де 5 мың сом ұтыс төледі.

Аудан еңбекшілері заем облигациялары бойынша жыл сайын көптеген сом кіріс алып отырады. Тек өткен жылдың өзінде ғана жыйнақ кассасы еңбекшілерге 572.165 сом ұтыс төледі.

А. МҮБӘРӘКОВ.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ КӨМЕГІ

Ленин атындағы орта мектептің оқушылары (Октябрь ауданы) демалыс күндері колхозшылардың қар тоқтату жұмысына көмектесіп келеді. Жуырда олар бірнеше гектар егіс алаңдарына аққала соқты. Бұл жұмыста әсіресе, 9—10-класс оқушылары зор белсенділік көрсетті.

Колхоз басқармасы тигізген қолқабыстары үшін мектеп оқушыларына алғыс айтты.

Б. БАЗАРБАЕВ.

Редактордың орынбасары
Ғ. НҰРМОЛДИН.



«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«АЛБАНИЯНЫҢ ҰЛЫ ЖАУЫНГЕРІ СКАНДЕРБЕГ»

Сеанстар сағат 4-45, 6-45 те басталады.

«ОКтябрь» КИНОТЕАТРЫНДА

«КЕТО МЕН КОТЭ»

Сеанстар сағат 6,20-8,20-10,20-да басталады.

Петропавл қаласы, К-Либнехт көшесі, 17-үйде тұрушы Валентина Терентьевна Царькова Петропавл қаласы, Коммунист көшесінің ойпаты, 20-үйде тұрушы Виталий Иванович Царьковтан айрылатыны жөнінде арыз берді.

Бұлардың ісі Петропавл қаласындағы 2-участоктік халық сотында қаралады.

Петропавл қаласы, Жол қатынас министрлігінің 131-үйінің 12-бөлмесінде тұрушы Борис Францевич Загай Петропавл қаласы, Калинин көшесі, 127-үйде тұрушы Галина Даниловна Загайдан айрылатыны жөнінде арыз берді.

Бұлардың ісі Петропавл қаласындағы 3-участоктік халық сотында қаралады.

Петропавл қаласы, Ипподром көшесі, 11-үйде тұрушы Фарит Мұжипұлы Ғұбайдуллин Петропавл қаласы, Сібір көшесі, 21-үйде тұрушы Валентина Гри-

горьевна Ғұбайдуллинадан айрылатыны жөнінде арыз берді.

Бұлардың ісі Петропавл қаласындағы 1-участоктік халық сотында қаралады.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия бөлімі — 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, тілшілер бөлімі — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.